

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің объектілерінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мемлекеттік өрт қадағалауын жүзеге асыру және өрт сөндіруін ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 14 сәуірдегі N 251. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 258 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 13 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2361. Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2005 жылғы 25 шілдедегі N 42 және ҚР Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 1 тамыздағы N 461 бірлескен бұйрығымен

Ішкі істер және төтенше жағдайлар органдарының кейбір бірлескен бұйрықтарының күшін жойылды деп тану туралы

*ҚР Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2005.07.25.*

*N 42 және ҚР Ішкі істер министрінің 2005.08.01. N 461 бірлескен бұйрығынан үзінді*

*Нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫЗ:*

*1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес ішкі істер және төтенше жағдайлар органдарының кейбір бірлескен бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.*

*2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті бұйрықтың көшірмесін бір апта ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін.*

*3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

*Қазақстан Республикасының*

*Ішкі істер министрі*

*Қазақстан Республикасының*

*Төтенше жағдайлар министрінің м.а.*

*... 3. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі объектілерінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мемлекеттік өртті қадағалауды және өрт сөндіруді ұйымдастыруды жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы"*

*Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 14 сәуірдегі N 251 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 258 бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2361 болып тіркелген).*

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы N 48-І Заңының негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің объектілеріндегі өрттің алдын алу және жою кезіндегі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері мен ішкі істер органдарының өзара іс-қимылы тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің объектілерінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мемлекеттік өрт қадағалауын жүзеге асыру және өрт сөндіруін ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін және қолданысқа енгізілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

*Қазақстан Республикасы  
Төтенше жағдайлар  
жөніндегі агенттігінің*

*төрағасы*

*Қазақстан Республикасының*

*Ішкі істер министрі*

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар жөніндегі  
агенттігі төрағасының  
2003 жылғы 14 сәуірдегі N 251.

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрінің  
2003 жылғы 8 мамырдағы  
N 258 бірлескен бұйрықтарымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің объектілерінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мемлекеттік өрт қадағалауын жүзеге асыру және өрт сөндіруін ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық**

1. Осы Нұсқаулық өрттің алдын алу және сөндіру саласында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - ҚР ТЖА)

Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің бөлімшелері мен ішкі істер органдарының өзара іс-қимылының тәртібін және негізгі бағытын айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ҚР ИИМ) объектілеріндегі ведомстволық өрт қадағалау функциясын олардың өзіне тән ерекшелігіне қарай Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өртке қарсы қызметі жүзеге асырады.

3. ҚР ИИМ объектілерін ҚР ТЖА Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің қызметкерлері ҚР ИИМ басшыларының өтініші бойынша тексеруі мүмкін. Осы қызметтің өкілдерін ҚР ИИМ объектілеріне жіберуге рұқсат беру режимдік талаптарды ескере отырып, мемлекеттік құпияларға рұқсаты болған жағдайда және белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

4. ҚР ИИМ объектілерін өрт-техникалық тексеру нәтижесі бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Мемлекеттік өртке қарсы қызмет басшылары өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерінің бұзылуын жою үшін объекті басшыларына нұсқама береді.

ҚР ИИМ объектілерінің басшылары өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады және ұсынылған өртке қарсы шараларды орындау жөнінде толық көлемде және белгіленген мерзімде жеткілікті шаралар қабылдауға міндетті.

5. ҚР ИИМ объектілеріндегі өртті сөндіруді ҚР ТЖА Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жүзеге асырады. ҚР ИИМ министрлігінің басшылары ҚР ТЖА Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің келісімі бойынша осы қызмет бөлімшелері өрт сөндіруді жүзеге асыратын объектілердің тізбесін және оларды жіберу рұқсатын белгілейді.

6. ҚР ИИМ объектілері орналасқан аудандарға келген облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының Мемлекеттік өртке қарсы қызмет басшыларына облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының Мемлекеттік өртке қарсы қызметі кезекші өрт сөндіру қызметінің басшы құрамына осы Нұсқаулықтың 3-тармағында белгіленген тәртіпте объектілердің өрт-әдістемелік сипаттамаларымен алдын ала танысу құқығы беріледі.

Өрт сөндірудің жедел жоспарларын және кәртішкелерін әзірлеуді, оларды сақтауды және іс жүзінде жасауды облыстардың, Астана мен Алматы қалалары Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің басшылары ҚР ИИМ объектілері басшыларымен бірлесіп белгілейді.

7. Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының Мемлекеттік өртке қарсы қызметі ҚР ИИМ объектілері басшыларының келісімі бойынша осы объектілердің қызметкерлерін өрт қауіпсіздігінің ережелеріне оқытып-үйретуде қажетті көмек көрсетеді, сондай-ақ өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты мәселелер бойынша кеңес береді.

8. Осы Нұсқаулықты пайдалану жөнінде туындаған келіспеушілікті облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының Мемлекеттік өртке қарсы қызмет басшылары және ҚР ІІМ объектілерінің басшылары шешеді.

Туындаған келіспеушілік бойынша бір пікір болмаған жағдайда, ҚР ТЖА Мемлекеттік өртке қарсы қызмет департаменті және ҚР ІІМ Тыл департаменті шешім қабылдайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК